

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Тутинова Нұргүл Ерқанатқызының «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)» атты ғылыми диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің берген**

## **ПІКІРІ**

Н.Е. Тутинованың зерттеу жұмысы әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторды Қазақстан мысалында, әлемдегі орын алғып отырған процесстермен байланыста қарастыруға арналған. Талқылауға және қорғауға ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі айқын. Жалпы әлеуметтік қақтығыстар және оның ішінде әлеуметтік-мәдени конфликтілер проблематикасының өзектілігі оның қазіргі әлемде ойнайтын ерекше рөліне негізделген. Әлемдік өркениеттің даму серпіні, осыған байланысты терен қоғамдық трансформациялануды бастан кешіріп отырған мәдениеттердің, халықтар мен мемлекеттердің өзара қарым қатынасы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени контекстerde туындайтын жанжалдардың себептерін, мәнін, нысандары мен типтерін анықтау қажеттілігін өзектендіреді. Қазіргі заманғы әлеуметті-мәдени конфликттердің туындау себептері бірқатар факторлардың әсерінен туындайтындығы белгілі. Бұл мәселені зерттеуде ізденушінің қарастырып отырған аспекті - діни фактордың алатын орнын анықтау және оның мүмкін салдарларының алдын алу бойынша ұсыныстар қалыптастыру.

Зерттеу барысында ізденуші қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы басым идеялар мен концепцияларды жіті зерттей келе, отандық және шетелдік ғалымдардың енбектеріне сүйене отырып бірқатар жаңа ой-түжірымдарды дәйектейді. Соның ішінде "діни фактор" ұғымына ғылыми анықтамасы жасалынды; діни саладағы конфликтілердің пайда болу және даму себептері көрсетілді; конфликтінің күрылымдық түрлері қарастырылдып, қазақ тіліндегі ұғымдарға талдау жасап, ғылыми-категориалдық апарттың нақтылануына өз үлесін қосты. Әлеуметтік-мәдени конфликтілер түрлерін талдау арқылы өзіндік типологиясы ұсынылды. Зерттеу жұмысы Қазақстан мысалында болғандықтан елімізде әлеуметтік мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алу және реттеуге қатысты тәжірибелік ұсыныстар жасалды.

Диссидент зерттеу жұмысының пәнаралық ерекшеліктерін ескере отырып, диссертациялық тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне жету үшін осы саладағы кең колданыстағы әдіснамаларды қолданды оңтайлы қолданды. Ізденіс барысында қолданылған теориялық және эмпирикалық әдістер бірін-бірі толықтырып, нәтижелерді дәйектеп отырды. Диссертациялық жұмыста

анализ, эксперименттік сауалнама әдістері, бақылау, классификациялау, синтез әдістері қолданылды.

Диссертация жүйелі түрде, өзара ішкі байланысқа негізделген кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан тұрады. Жұмыста әлеуметтік-мәдени конфліктідегі діни факторларға сипаттама беріліп, оның алдын алу мен реттеудің технологиялары мен діни мәселелерді реттеудің жолдарының механизмдері қарастырылған. Диссертациялық жұмыс алынған нәтижелердің ішкі бірлестігімен сипатталады. Диссертациялық жұмыстың әдеби шолуы мен эксперименттік зерттеулер нәтижелері бөлімдерінің арасында байланыс бар. Зерттеуші жүргізген сауалнамаларының зерттеу нәтижелері нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми жуналдар базасына тіркелген шетелдік журналдарда жарияланды.

Диссертацияның мазмұны жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және алынған нәтижелер жоғары сенімділікпен сипатталып, заманауи ғылыми талаптарға жауап береді. Диссертант Тутинова жеткілікті деңгейде мәселені ашып, оны шешудің нақты бағыттарын ұсына алды.

Тутинова Нұргұл Ерқанатқызы диссертациялық жұмысын орындау барысында еңбекқорлығымен, жауапкершілікмен, ұқыптылығымен диссертациялық жұмысты нәтижелі жүргізді деуге толық негіз бар.

Н.Е. Тутинованың «Әлеуметтік-мәдени конфліктілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы КР БФМ Білім мен ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитетінің «Ғылыми атақтар беру ережесінің» талаптарына сай орындалды. Диссертанттың еңбегін жоғары бағалай отырып, оны 6D020600 – «Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және қорғауға жіберуге ұсынамын.

**Ғылыми консультант,  
Философия ғылымдарының кандидаты**

 **Б.Б. Мейрбаев**

**РАСТАЙМЫН**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадров қоғамының мемлекеттік кеңіншілік предприятие на праве Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесінің атасы аль-Фараби, Атырауск ғылыми-образованиелік центрінің ғылыми консультант, РК г. Алматы 40001154

**ЗАВЕРЯЮ**

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова

«\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_

